

**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша
білім бөлімі Ақсу кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025-2026 оқу жылының 1 тоқсан бойынша білім сапасын талдау туралы
АНЫҚТАМА**

Мақсаты: 1 тоқсан бойынша білім сапасын талдап, қорытындылау.

Мерзімі: 31.10.2025

Ақсу кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебінде 17 сынып бар, жылдың басында 101 оқушы, 1 тоқсан соңында 98 оқушы болды. МАД сыныптары - біреу, 1-11 сыныптар - 17. Үздік оқитын 20 оқушы, екпінділер – 45. Аттестатталмаған, үлгермейтін оқушылар жоқ, жалпы үлгерім – 100 %, білім сапасы 69.1 %.

Оқу жылында белгіленген оқу бағдарламасы толық игерілді. Пәндер бойынша мемлекеттік бағдарлама орындалып, электрондық журналға сәйкес толтырылды. Бақылау, зертханалық, практикалық жұмыстар белгіленген кесте бойынша орындалды. Оқушылардың сабаққа келуі күнделікті бақылауда болды. Себепсіз сабақты босатқан балалар болған жоқ, денсаулығына байланысты келмегендердің растайтын анықтамалары бар. Электронды журналды толтырудың мониторингі күнде жасалып тұрады, ұсыныстар мен ескертулер бірден түзетіліп тұрды. Факультативтік сабақтардың кестесі құрылып, электрондық журналға енгізілді. Тоқсан бойынша әр сыныптың білім сапасы, үздіктер мен екпінділер, орташа оқитын оқушылар анықталды. Бір үштігі бар оқушылар саны 3 оқушы. Пәндер бойынша жиынтық бағалауларының модерацияға түскен оқушылар болған жоқ. Үлгерімі төмен оқушылардың тізімі жасалды. Пән мұғалімдері аталмыш оқушыларға жоспар құрып, жеке жұмыс жүргізді. Әдістемелік бірлестіктерінде сараптама жасауға ұсыныс жасалды.

сыныптар	2024-2025 ж	2025-2026 ж I тоқсан
2 «А»	67%	33%
2 «Б»	50%	57%
3 «А»	67%	80%
3 «Б»	60%	60%
4 «А»	50%	100%
4 «Б»	100%	80%
5 «А»	67%	33%
5 «Б»	67%	100%
6 «А»	57%	67%
6 «Б»	80%	63%
7 «А»	60%	50%
7 «Б»	67%	75%

8 «А»	43%	100%
8 «Б»	67%	67%
9 «А»	67%	50%
9 «Б»	67%	67%
10 «А»	78%	75%
10 «Б»/11Б	100%	100%
11 «А»	80%	88%
Жалпы білім сапасы	67,3%	69%

Мектеп бойынша ең жоғарғы білім сапасын көрсетіп отырған сыныптар:

4 “А” сыныбы білім сапасы – 100 пайыз, сынып жетекшісі Н.Карбозова

5 “Б” сыныбы білім сапасы – 100 пайыз, сынып жетекшісі Д.Ементаева

11 “Б” сыныбы білім сапасы – 100 пайыз, сынып жетекшісі Е.Елікбаев

8 “А” сыныбы білім сапасы – 100 пайыз, сынып жетекшісі Т.Бердібекова

Мектеп бойынша төмен көрсеткішті көрсетіп отырған сыныптар:

2 А сыныбы білім сапасы – 33 пайыз, сынып жетекшісі Н.Карбозова

5 А сыныбы білім сапасы – 33 пайыз, сынып жетекшісі А.Жумаева

2-11 сыныптар бойынша 69.1%. Төмен білім сапасын көрсеткен жекелеген пәндерді алатын болсам, орыс тілінен орыс сыныптарында 74 %, математика пәні жалпы сыныптарда 75 %, қазақ тілі пәні жалпы сыныптарда 67,3 %, алгебра пәні жалпы 67 % білім сапасын беріп отыр. Жоғарыда аты аталған пәндер жетекшілері және пән мұғалімдері, II тоқсанда бірлестік жетекшілері пән бойынша білім сапасын көтеру мақсатында жұмыстар жасауды қолға алсын

Шешімі:

- Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері тығыз байланыста жұмыс жасалсын; (Сабитова Г.С. Кульмагамбетова Г.Б. сынып жетекшілер);
- Әдістемелік бірлестіктерде рубрика, модерация жұмыстарын талқылап, жүйеге келтіру жұмыстарын қарастырсын; (Сабитова Г.С. ӘБ жетекшілері);
- БЖБ нәтижелерін бағалау өткізілгеннен кейін келесі күні электрондық журналға енгізіп отыру; (Сабитова Г.С. Кульмагамбетова Г.Б. пән мұғалімдері);
- Iтоқсан қорытындысы бойынша 4 «А», 5 «Б», 8 «А», 11 «Б» сыныптарының білім сапасы жоғары деп саналсын. 2 «А», 5 «А» сыныптардың білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар атқарылсын. (Сабитова Г.С. Казизова Б.Т. пән мұғалімдері);

Басшының ОІЖ орынбасары



Г.Сабитова